

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙынША ФИЛИАЛЫ

2005 ж. 04. 05. 2005

Алғашқы тіркелген күні: 1993 ж. 10. 24

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

произведена государственная перерегистрация
юридического лица: 01. 05. 2005

Дата перерегистрации: 19. 01. 2005

БСН БИН: 930410000156

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙынША ФИЛИАЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУДАН АЙЫЛҒАН

2005 ж. 04. 05. 2005

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

Внесены изменения и дополнения
в учредительные документы

30 ПРИКАЗ № 06 19410 2005

**Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкі
«Қазақстандағы Қытай Банкі»
жарғысы**

АҚ ЕБ «Қазақстандағы Қытай Банкі»
Жалғыз акционерінің
«16» маусым 2025 ж.
шешімімен бекітілді

Алматы
2025

Осы Жарғы бұдан әрі «Банк» деп аталатын Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкі «Қазақстандағы Қытай Банкі» құқықтық ережесін, ұйымдастыру, жұмыс істеу және тарату тәртібін, Банк органдары мен лауазымды адамдарының құқықтарын, міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайды.

Осы Жарғы бұдан әрі «Банктер туралы заң» деп аталатын Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңына, бұдан әрі «Заң» деп аталатын Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жаңа редакцияда әзірленді және бекітілді.

Банк бұдан әрі «Қытай Банкі» деп аталатын Қытай Халық Республикасы, Пекин қ. Bank of China Limited еншілес банкі болып табылады. Бас банк – Жалғыз акционерге Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкі «Қазақстандағы Қытай Банкі» акцияларының 100 (жүз) пайызы тиесілі.

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Банктің атауы

1. Банктің толық атауы:

1) Қазақ тілінде: Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкі «Қазақстандағы Қытай Банкі»;

2) Орыс тілінде: Акционерное Общество Дочерний Банк «Банк Китая в Казахстане»;

3) Ағылшын тілінде: Joint Stock Company Affiliated Bank «Bank of China Kazakhstan».

2. Банктің қысқартылған атауы:

1) Қазақ тілінде: АҚ ЕБ «Қазақстандағы Қытай Банкі»;

2) Орыс тілінде: АО ДБ «Банк Китая в Казахстане»;

3) Ағылшын тілінде: JSC AB «Bank of China Kazakhstan».

2-бап. Банктің құқықтық мәртебесі

3. Банк шетелдік қатысуы бар банк болып табылады, меншік нысаны жеке болып табылады.

4. Банк акционерлік қоғам нысанында құрылды.

5. Банк өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады. Банк өз атынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иеленіп, жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

6. Банк өз акционерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады. Бас банк – Жалғыз акционер - Жарғылық капиталдағы өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Банктің міндеттемелері бойынша жауапты болады.

7. Банктің ресми мәртебесі Банктің Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуімен және Банк операцияларын жүргізуге уәкілетті органның лицензиясының болуымен айқындалады.

8. Банк осы түрдегі заңды тұлға үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады.

9. Банк өз атынан уәкілетті органның лицензиясында көрсетілген операцияларды жүзеге асыруға, мәмілелер жасауға, мүлікті сатып алуға және иеліктен шығаруға құқылы.

10. Банк облигациялар мен бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға құқылы.

11. Банктің эмблемасы бар дөңгелек мөрі, сонымен қатар өз атауы мен эмблемасы бар мөртабандары, фирмалық бланкілері болуы мүмкін.

12. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғы және Банктің ішкі қағидаларын басшылыққа алады.

3-бап. Банктің филиалдары мен өкілдіктері

13. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банк филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы. Банктің филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және олар туралы Банктің Директорлар кеңесі бекітетін ережелер негізінде банктің атынан әрекет етеді.

14. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары оларға банк берген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

15. Банктің филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

4-бап. Банк Басқармасының орналасқан жері:

16. Қазақстан Республикасы, 050063, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жетісу-2 ықшамауданы, №71-б үй.

II тарау. Банктің қызметі

5-бап. Банктің мақсаттары мен қызметінің түрлері

17. Банк қызметінің мақсаты клиенттер мен нарыққа бағдарлануды, корпоративтік басқаруды нығайтуды, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз етуді, бірінші класты қызметтерді ұсынуды қоса алғанда, заңды қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыс алу болып табылады. Банк сонымен қатар жеткілікті капиталды сақтау, қатаң ішкі бақылау мен қауіпсіз қызметті қамтамасыз ету, халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыру және Жалғыз акционердің мүдделерін қорғау сияқты басқарушылық мақсаттарды жүзеге асыруға тырысады.

18. Тұрақты және сапалы дамуды қалыптастыру, адалдыққа, сенімділікке, көшбасшылық пен жаңашылдыққа негізделген корпоративтік мәдениетті ілгерілету, сондай-ақ әділ және қауіпсіз бәсекелестік қағидаттарын сақтауды қамтитын ақылға қонымды және талаптарға сай бизнес-философияны белгілеу.

19. Тұрақты және тиімді шешімдерді іске асыруға бағытталған инновацияларға, үйлестіруге, экологияға, ашықтыққа және өзара іс-қимылға негізделген даму стратегиясын іске асыру. Қоршаған ортаны қорғауға, әлеуметтік міндеттемелерді орындауға, беделді сақтауға және қоғаммен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға ерекше назар аударылады.

20. Банк уәкілетті орган берген лицензияға сәйкес банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операциялар түрлерін жүзеге асырады. Банк бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда жүзеге асыруға құқылы.

21. Банктің бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметтің бір немесе бірнеше үйлесімді түрлерін жүзеге асыруына лицензияны уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес береді.

22. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

23. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыру кезінде, оның ішінде шектелмей:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, банктік және өзге де операцияларды дамытады және жетілдіреді, мақсаттарға қол жеткізу үшін кәсіби қызметкерлерді тартады, нормативтік талаптарды сақтайды және қаржы нарығында банк операцияларын сапалы дамытуға және ілгерілетуге ықпал етеді.

2) заңнамаға, нормативтік құқықтық актілерге және басқару органдарының талаптарына сәйкес келетін жұмыстың тиімді тетіктерін әзірлейді;

3) желіні басқаруды жетілдіру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүргізеді;

4) қызметті жүзеге асыру процесінде коммерциялық және банктік құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

5) өз қызметін тәуекелдер мен капиталды басқару жөніндегі мүмкіндіктерге сәйкес дамытады, жаһандық нарықта жұмыс істеу үшін операциялық жүйелерді жетілдіреді, мәмілелер жасасу, инвестициялар және тәуекелдерді бақылау үшін кәсіби персоналды тартады, нормативтік талаптардың сақталуын күшейтеді және қаржы нарығында банк операцияларының сапалы дамуы мен ілгерілеуіне ықпал етеді.

6) Қытай банкі тобының қағидаларына және Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес байланысты тараптармен мәмілелерді басқару жүйесін құрады және жетілдіреді, байланысты тараптардың шеңберін айқындайды, сәйкестендіруді жүзеге асырады, бұрыштамалар қояды, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, байланысты тараптармен мәмілелер туралы есептілікті дайындайды және ақпаратты ашады.

7) Қытай банкі тобының регламентіне және оның жергілікті нормативтік талаптарына сәйкес келетін, бөлімшенің нақты басқаруымен үйлесетін жұмыс механизмін жасайды. Банктің қызметі бизнесті адал жүргізу талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8) Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы экономикалық және сауда қатынастары саласын дамытады, сондай-ақ жаһандық қаржылық қызметтер көрсету мүмкіндігін арттырады және нарықта бәсекеге қабілеттілікті қолдайды.

III тарау. Банктің мүлігі мен капиталы

6-бап. Банктің мүлігі

24. Банктің мүлігі оған меншік құқығында тиесілі.

25. Банктің мүлігі келесінің есебінен қалыптасады:

1) акцияларды орналастыру кезінде оларды төлеу;

2) қызмет нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негіздер бойынша сатып алынған өзге де мүлік.

7-бап. Банктің жарғылық капиталы

26. Жарғылық капитал оның міндеттемелерін қамтамасыз ету және банк операцияларын жүргізудің негізгі көзі болып табылады.

27. Банктің жарғылық капиталын Жалғыз акционер – Қытай Банкі акцияларды төлеу арқылы қалыптастырады.

28. Акцияларды шығаруға, тіркеуге, жоюға және беруге (қайта сатуға) байланысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8-бап. Банктің акциялары

29. Акция Банк шығаратын және Банкті басқаруға қатысу, ол бойынша дивидендтер алу құқығын және ол таратылған кезде Банк мүлкінің бір бөлігін, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз болып табылады.

30. Банк акцияларды шығаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

31. Банк өз акцияларын құжатсыз нысанда шығаруды жүзеге асырады. Акцияларды ұстаушылар тізімдерінің жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

9-бап. Банктің таза кірісі

32. Салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін оның шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған Банктің таза табысы Жалғыз акционердің шешімі бойынша бөлінуге жатады.

33. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Банктің таза табысы Банктің резервтік капиталын қалыптастыруға (толықтыруға) бағытталуы мүмкін.

34. Банк банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында резервтік капиталды қалыптастырады. Резервтік капитал акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін Банктің таза кірісі есебінен құрылады.

10-бап. Акциялар бойынша дивидендтер

35. Банктің акциялары бойынша дивидендтер жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таза табыс есебінен төленуі мүмкін.

36. Акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді және Банктің бір акциясына дивидендтер мөлшерін айқындауды Банктің Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Жалғыз акционер қабылдайды.

37. Банктің Жалғыз акционері Банктің акциялары бойынша дивидендтер төлеудің орынсыздығы және Банктің таза табысын Банктің бөлінбеген пайдасына бағыттау туралы шешім қабылдауға құқылы.

38. Банк орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтерді есептеуді және төлеуді жүзеге асырмайды.

39. Дивидендтерді төлеу күнтізбелік жыл ішінде бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

VI тарау. Банктің акционері. Банк акционерінің құқықтары мен міндеттері

11-бап. Банктің акционері

40. Банктің Жалғыз акционері - заңды тұлға - Қытай Банкі, (мекенжайы: Қытай Халық Республикасы, Пекин қ., Фусинмэньнэй к-сі, 1-үй).

41. Банк Жалғыз акционері бар қоғам болып табылады, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер – Қытай Банкі дербес қабылдайды және жазбаша түрде ресімдейді.

42. Жалғыз акционердің шешім қабылдау тәртібі Қытай банкінің ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

12-бап. Банктің Жалғыз акционерінің құқықтары

43. Банктің Жалғыз акционері құқылы:

1) Заңда және / немесе Банктің осы Жарғысында көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Банктің осы Жарғысында айқындалған тәртіппен қаржылық есептілікпен танысуға;

4) Орталық депозитарийден Банктің бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға құқылы;

5) Банк органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға құқылы;

6) Банк органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және осы Жарғының ережелерін бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;

7) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және сұрау салу банкке келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) аудиторлық ұйымның өз есебінен Банк аудитін жүргізуін талап етуге.

Жалғыз акционердің Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Банктің осы жарғысында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

13-бап. Банктің Жалғыз акционерінің міндеттері

44. Банктің Жалғыз акционері міндетті:

1) акцияларды осы Жарғыда және Заңда көзделген тәртіппен төлеуге;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Банк акцияларын

ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

14-бап. Банк Жалғыз акционерінің құзыреті

45. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

1) Банктің осы Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

4) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

5) нәтижесінде оның активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінен елу және одан артық пайызға сатып алынатын немесе оқшауланатын (сатып алынуы немесе оқшаулануы мүмкін) келісім туралы шешім қабылдаған күні акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан артық пайыз құрайтын құнда мүлікті қоғам сатып алатын немесе оқшаулайтын (сатып алынуы немесе оқшаулануы мүмкін) қоғам ірі келісім жасасу туралы шешімдерді қабылдау;

6) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

7) Банктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

8) егер әдістеме Жалғыз акционердің шешімімен бекітілмеген болса, заңнама талаптарына сәйкес қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіндегі өзгерістерді бекіту;

9) облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

10) бағалы қағаздарды айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

11) банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту;

12) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) Банктің ірі заңды тұлғаларды (арнайы мақсаттағы компаниялар мен басқа да холдингтік платформа-компаниялардан басқа) құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

14) Жалғыз акционерге Банктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

15) Банк қызметінің басым бағыттарын айқындау;

16) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

17) осы Жарғымен және заңмен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер, шешімдер қабылдау.

V тарау. Банктің органдары

15-бап. Банктің органдары

46. Банктің органдарына келесілер жатады:

1) жоғары орган – Жалғыз акционер – Бас Банк – Қытай Банкі жауапкершілігі шектеулі акционерлік қоғамы (ҚХР, Пекин қ.);

2) басқару органы - Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган - Банктің Басқармасы;

47. Банк органдарының қызметін ұйымдастыру (оның ішінде: Жалғыз акционерді шақыру тәртібі, шешімдерді, алқалы органдардың отырыстарын дайындау және қабылдау, Банк органдарының шешімдер қабылдауы, оның ішінде білікті көпшілік дауыспен қабылдануы тиіс шешім мәселелерінің тізбесі) Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

48. Банктің негізгі операциялық және басқарушылық мәселелерін олардың тиісті міндеттеріне, өкілеттіктеріне және рәсім ережелеріне сәйкес шешім қабылдайтын тиісті органдар бірлесіп талқылайды және шешеді.

Банктің Басқармасы мен Директорлар кеңесінің шешімдері банк қызметінің стратегиялық бағытына сәйкес келуге тиіс.

49. Банктің басшы қызметкерінің өз міндеттерін атқару кезеңінде алынған банк қызметіне қатысты құпия ақпаратты жария етуге құқығы жоқ. Банктің қызметтік және коммерциялық құпиясына қатысты құпиялылықты сақтау міндеті оның өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін де күшінде қалады.

16-бап. Директорлар кеңесі

50. Директорлар кеңесі Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

51. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері келесілердің қатарынан сайланады:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) адамдарды;

2) Қоғамның акционерлері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлғалардың қатысуымен жүзеге асырылады.

52. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Жалғыз акционер – Қытай Банкі өткізеді және Жалғыз Акционердің шешімімен ресімделеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері және Төлем шарттары Жалғыз Акционердің шешімімен бекітіледі.

53. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шексіз рет қайта сайлана алады. Жалғыз акционер директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды, осы мерзім өткеннен кейін олар Жалғыз акционердің тиісті бағалауынан өткен кезде қайта сайлануы мүмкін.

54. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату себептерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің

өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

55. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

56. Директорлар кеңесі нақты есеп беруді, сапаны бақылауды, стандарттарды сақтауды, талаптарды орындауды және деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, деректерді басқаруға жауапты.

57. Директорлар кеңесінің мүшелері тиімді бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті өкілеттіктерге, қажетті біліктілікке, мінсіз іскерлік беделге және тәжірибеге ие болуға, жиынтығында банкті жалпы басқару үшін жеткілікті, таңдалған бизнес үлгісіне, қызмет ауқымына, операциялардың түрі мен күрделілігіне сәйкес, шешім қабылдау процесінде өзара іс-қимылға, ынтымақтастыққа және сыни талқылауға бағдарланған, өз ісін адал атқаруға, міндеттері мен шешімдер қабылдау, мүдделер қақтығысын азайту, аудит және (немесе) бухгалтерлік есеп саласында жұмыс тәжірибесі болуы, қаржылық есептілік және (немесе) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, персоналды басқару, сондай-ақ ақпараттық технологияларды дамыту, банктік қызметтер көрсету және бюджеттік жоспарлауда тәжірибесі болуы тиіс.

58. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің осы Жарғысында белгіленеді.

59. Басқарма Төрағасынан басқа басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

60. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс. Банктің Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған Кворум тәуелсіз директорды қоса алғанда, Директорлар кеңесі санының кемінде жартысы болуға тиіс.

61. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы сайланады. Егер Банктің осы Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Банктің осы Жарғысында және Банктің ішкі құжаттарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

62. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Банктің осы Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

17-бап. Банк Директорлар кеңесінің құзыреті

63. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

1) Банктің жарияланған акцияларының саны шегінде Банктің орналастырылатын (өткізілетін) акцияларын орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде олардың орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

2) Банктің акцияларын немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;

3) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқаларды сатып алуы туралы шешім қабылдауы бағалы қағаздар және оларды сатып алу бағасы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Банк қызметінің басым бағыттарын айқындау, Банктің Даму стратегиясы мен даму жоспарын бекіту, сондай-ақ филиалдар құру жөніндегі жоспарларды әзірлеу.

5) Банктің өзінің жарғылық капиталын ұлғайту немесе азайту жөніндегі жоспарларын немесе жобаларын әзірлеу және облигациялар шығару;

6) Банктің ірі сатып алуларын немесе бірігулерін, бөлінулерін, таратуын және жоюын, сондай-ақ оның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгертуге қатысты жоспарларды әзірлеу.

7) пайданы бөлу жоспарын, шығындарды өтеу жоспарын және Банктің капиталды бөлу жоспарын әзірлеу;

8) осы Банк Жарғысының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оны өзекті жағдайда ұстау.

9) корпоративтік басқару кодексінің жобасын және (немесе) оған енгізілген өзгерістерді алдын ала қарау, сондай-ақ Жалғыз акционерге бекітуге ұсыну;

10) Банктің басқару жүйесін және басқарудың ішкі құрылымын қарау және бекіту;

11) Директорлар кеңесінің жиналыстарын өткізу үшін қағидалар мен рәсімдерді жасайды;

12) Банктің корпоративтік басқаруын тұрақты бағалауды жүзеге асырады және жетілдіреді;

13) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес дайындалған Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және оны акционердің әрбір жылдық жалпы жиналысында Жалғыз акционерге ұсынады;

14) аудит үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ банктің акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушыны айқындау;

15) Банктің тиісті жылға арналған бюджетін бекіту және оның орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

16) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

17) басқарма басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

18) Банк қызметкерлерін қызметке тағайындау және қызметтен босату Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының нормативтік - құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес;

19) филиалдардағы адам ресурстарын басқару және еңбекақы стратегиясын әзірлеу;

20) Банк Басқармасының қызметіне мониторингті, бақылауды және бағалауды жүзеге асыру.

21) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қызмет жұмысының тәртібін белгілеу, сондай-ақ оның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

22) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақының мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;

23) сыртқы аудиторды (аудиторлық ұйымды) айқындау туралы шешім қабылдау кезінде Жалғыз акционерге ұсынымдарды алдын ала қарау және дайындау;

24) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

25) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

26) Банктің филиалдары туралы ережеге өзгерістер енгізу жоспарын жасау;

27) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

28) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (Жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдауы, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдауы;

29) Банктің міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

30) жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның жасасуға мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдауы;

31) Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;

32) Банкте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің болуын қамтамасыз ету;

33) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту, Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау.

34) Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілеріне, осы Жарғыға және Банктің нормативтік құжаттарына сәйкес Банктің сыртқы инвестициялары мәселелерін қарау және бекіту, оның ішінде активтерді сатып алу, активтерді құрылымдау және активтерді есептен шығару, активтерді кепілге қою, үлестес Тараптар арасындағы мәмілелер, деректерді басқару және басқа да мәселелер;

35) Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ бақылау қағидаларын және Банктің осы Жарғысында көзделген басқа да функциялар мен өкілеттіктерді сақтау.

36) Заңда және осы Жарғыда, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

18-бап. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу тәртібі

64. Директорлар кеңесінің отырысын оның төрағасының немесе басқармасының бастамасы бойынша не директорлар кеңесі мүшелерінің кез келгенінің талабы бойынша Ішкі аудит департаменті, Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым, Банктің Жалғыз акционері шақырады

65. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы Банк Басқармасына көрсетілген талаппен жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Егер Банктің осы Жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

66. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын ұсынылады.

67. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы, сондай-ақ телефон байланысы арқылы немесе бейнеконференция түрінде шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте отырыс өткізілетін жерде болмаған Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді талқылауға және олар бойынша дауыс беруге отырыс орнында болмаған Директорлар кеңесі мүшесін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін телефон немесе өзге де байланыс арқылы қатысуға құқылы. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасы қол қоюға тиіс.

68. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты, орны және нысаны, сондай-ақ оның күн тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі Банк Басқармасына оның директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

69. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

70. Директорлар кеңесінің Банктің Басқарма Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері жөніндегі шешімі Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады. Бұл ретте Басқарма Төрағасы лауазымына сайлауға кандидат немесе тиісінше Басқарма Төрағасы болып табылатын Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселелер бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.

71. Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырысқа төрағалық еткен адам жасауы және қол қоюы тиіс.

72. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен Жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Банктің меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жоюы;

2) Банктің корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

73. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

19-бап. Банк басқармасы

74. Ағымдағы қызметке басшылықты Банк Басқармасы жүзеге асырады, Банктің атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүдделерін білдіреді, осы Жарғыда және Заңда белгіленген тәртіппен Банктің атынан мәмілелер жасайды, Банктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді.

75. Банк Басқармасы Басқарма Төрағасы мен мүшелерінен тұрады. Басқарманың сандық және дербес құрамын Банктің Директорлар кеңесі айқындайды.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісуге жатады.

76. Банк Басқармасының мүшелері Директорлар кеңесінің шешімі бойынша тағайындалады және қызметтен босатылады.

77. Банк Басқармасы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне және (немесе) Банктің осы Жарғысына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

78. Банк Басқармасы Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

79. Басқарма мүшелері лауазымына үміткерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінше орындау үшін қажетті білімі мен кәсіби тәжірибесі болуы және мінсіз іскерлік беделге ие болуы тиіс. Мінсіз іскерлік бедел дегеніміз – кәсіпқойлықты, адалдықты растайтын фактілердің болуы, алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың болмауы, Директорлар кеңесі тарапынан шағымдардың болмауы.

80. Банк Басқармасы Банктің атынан және оның мүддесі үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген Банк қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия негізінде Банктің банк операцияларын және екінші деңгейдегі банктер үшін тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыруын ұйымдастырады және бақылайды, сондай-ақ Банктің екінші деңгейдегі банктер үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауын қамтамасыз етеді.

81. Банк басқармасын қажетіне қарай Басқарма төрағасы не оны алмастыратын адам немесе оның мүшелерінің кемінде үштен бірінің талабы бойынша шақырады.

82. Банк Басқармасының отырысы Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысқан кезде заңды деп танылады.

83. Банк Басқармасының отырысына шығарылған мәселелер бойынша шешім отырысқа қатысатын Басқарма мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

84. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

85. Банк Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған барлық Басқарма мүшелері қол қоюға және әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беруге қойылған мәселелер, дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

86. Басқарма отырыстарының хаттамаларын жүргізуді отырыс хатшысы жүзеге асырады.

87. Банк Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

20-бап. Банк басқармасының Төрағасы

88. Банктің Басқарма Төрағасын Директорлар кеңесі тағайындайды.

89. Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға не қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлға филиалының басшысы лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

90. Банктің Басқарма төрағасы оған Директорлар кеңесі берген өкілеттіктерге сәйкес Банктің барлық қызметін басқарады.

91. Басқарма Төрағасы:

- 1) Банк Басқармасының жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оны ұсыну құқығына сенімхат береді;

5) Банк қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақыларының және айлық ақыларға дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына және Банктің Ішкі аудит қызметі құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

6) ол болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

8) Банк басқармасы Төрағасының шешімі бойынша құпия сипаттағы және қызметтік коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құжаттарды ұсынуға шектеу қойылуы мүмкін.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға қайшы келмейтін, оның ішінде Жалғыз акционердің шешімдерімен айқындалған және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

VI тарау. Банктің Қаржылық есебі және аудит. Банкпен ақпаратты ашу. Банктің құжаттары

21-бап. Қаржылық есеп

92. Банктің қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

93. Банк өзі жүргізетін операциялардың бухгалтерлік есебін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

94. Міндетті бухгалтерлік есепті қоспағанда, Банк жеке бухгалтерлік есептерді жүргізбеуі керек. Банктің активтері жеке тұлғалардың атына ашылған шоттарда сақталмауға тиіс.

95. Банктің есеп саясатын Банктің Директорлар кеңесі айқындайды.

22-бап. Банктің жылдық қаржылық есебі

96. Банктің жылдық қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қаржылық жағдай туралы есептен, пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен және өзге де есептіліктен тұрады.

97. Банк жыл сайын Жалғыз акционерге аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржылық есептіліктен басқа, Банк Жалғыз акционерге тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебін ұсынады. Жылдық қаржылық есептілікті Жалғыз акционер шешім қабылдаған күнге дейін 30 күннен кешіктірмей Банктің Директорлар кеңесі алдын ала бекітуге тиіс. Жылдық қаржылық есептілікті түпкілікті бекіту Жалғыз акционердің шешімімен жүргізіледі.

98. Банктің аудиті Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасының бастамасы бойынша банктің есебінен, Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы.

99. Банк жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті жариялайды.

23-бап. Банктің аудиті

100. Банктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Ішкі аудит департаменті жүзеге асырады.

101. Ішкі аудит департаменті Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және өз жұмысы туралы есеп беретін, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен басшылығына еркін және тәуелсіз қол жеткізе алатын Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

102. Ішкі аудит департаменті Банктің Директорлар кеңесі тағайындайтын қызметкерлерден тұрады.

103. Ішкі аудит департаменті өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, ішкі аудит қызметі туралы ережені, сондай-ақ Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын және ішкі аудиттің халықаралық стандарттарын басшылыққа алады.

104. Ішкі аудит департаментінің басшысы мен қызметкерлері Банктің Директорлар кеңесі мен басқармасының құрамына сайлана алмайды.

24-бап. Банкпен ақпаратты ашу

105. Банк Заңға және осы Жарғыға сәйкес өзінің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізеді. Ақпарат корпоративтік оқиға туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі.

106. Өз қызметі туралы ақпаратты Банктің корпоративтік веб-сайтында орналастырады.

107. Банк қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

108. Ірі мәміле жасасу туралы хабарлама Директорлар кеңесі ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жариялануға тиіс.

109. Жалғыз акционердің талабы бойынша Банк оған 3 (үш) жұмыс күні ішінде Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

110. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша нысанда жүгінеді. Акционердің өтініші қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуге тиіс. Қоғам акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін төлемақының мөлшерін қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындауға арналған шығыстардың құнынан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуден аспауы тиіс.

25-бап. Банктің Жалғыз акционерімен және лауазымды тұлғаларымен үлестес тұлғалар туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

111. Банктің Жалғыз акционері мен лауазымды адамдары өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі қағидаларында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.

112. Жалғыз акционердің және лауазымды тұлғалардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат алу үшін Банк ақпараттың тізбесін, ақпаратты беру мерзімі мен нысанын көрсете отырып, Жалғыз акционердің және лауазымды тұлғалардың атына тиісті жазбаша хабарлама жібереді.

26-бап. Банктің құжаттары

113. Банк келесі құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді:

1) Банктің Жарғысы, сондай-ақ оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар;

2) барлық енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, Жалғыз акционердің шешімдері;

3) заңды тұлға ретінде Банкті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (анықтама);

4) банктік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар және белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға арналған лицензиялардың өзге де түрлері;

5) Банктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

6) Банктің бағалы қағаздар шығарылым аңдатпасы;

7) Банктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;

8) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай/күндізгі отырыстар шешімдерінің) хаттамалары және заңға, Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің құқықтарын қозғайтын Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бюллетеньдер (жарамсыз деп танылған бюллетеньдерді қоса алғанда), материалдар;

9) Банк Басқармасы отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары;

10) Банктің корпоративтік басқару кодексі, сондай-ақ енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар.

11) өзге де құжаттар, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерге сәйкес сақталады.

VII тарау. Банк қызметін тоқтату

27-бап. Банк қызметін тоқтату

114. Банк келесі негіздер бойынша өз қызметін тоқтата алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлеп тарату);

2) Жалғыз акционер – Қытай банкінің шешімі бойынша уәкілетті органның рұқсаты болған кезде (ерікті тарату).

115. Банктің қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

116. Ерікті таратуға рұқсат алғаннан кейін Банк бұл туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялауға міндетті.

117. Банк қайта ұйымдастырылған кезде оның құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық мирасқорларға өтеді.

118. Банк Қазақстан Республикасының бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне тиісті жазба енгізілген сәттен бастап таратылды деп есептеледі.

VIII тарау. Қорытынды ережелер

28-бап. Қорытынды ережелер

119. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайда Банк Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

120. Осы Жарғы Жарғының барлық алдыңғы редакцияларының, оның ішінде оған толықтырулар мен өзгерістердің күшін жояды.

121. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында мемлекеттік тіркелген кезден бастап күшіне енеді.

Уәкілетті тұлға

Басқарма Төрағасы Ду Цинчжи



[Handwritten signature]

**Устав
Акционерного общества
Дочерний Банк «Банк Китая в Казахстане»**

Утвержден решением
Единственного акционера
АО ДБ «Банк Китая в Казахстане»
от «16» июня 2025 г.

**Алматы
2025**

Настоящий Устав определяет правовое положение, порядок организации, функционирования и ликвидации Акционерного общества Дочерний банк «Банк Китая в Казахстане», именуемого в дальнейшем «Банк», права, обязанности, полномочия и ответственность органов и должностных лиц Банка.

Настоящий Устав разработан и утвержден в новой редакции в соответствии Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» от 31 августа 1995 года № 2444, именуемым в дальнейшем «Закон о банках», Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года № 415-ІІ, именуемым в дальнейшем «Закон», и иными нормативными правовыми актами уполномоченных органов Республики Казахстан.

Банк является дочерним банком Bank of China Limited, Китайская Народная Республика, г. Пекин, именуемого в дальнейшем «Банк Китая». Родительскому банку - Единственному акционеру принадлежит 100 (сто) процентов акций Акционерного общества Дочерний Банк «Банк Китая в Казахстане».

Глава I. Общие положения

Статья 1. Наименование Банка

1. Полное наименование Банка:

- 1) на казахском языке: Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкі «Қазақстандағы Қытай Банкі»;
- 2) на русском языке: Акционерное Общество Дочерний Банк «Банк Китая в Казахстане»;
- 3) на английском языке: Joint Stock Company Affiliated Bank «Bank of China Kazakhstan».

2. Сокращенное наименование Банка:

- 1) на казахском языке: АҚ ЕБ «Қазақстандағы Қытай Банкі»;
- 2) на русском языке: АО ДБ «Банк Китая в Казахстане»;
- 3) на английском языке: JSC AB «Bank of China Kazakhstan».

Статья 2. Правовой статус Банка

3. Банк является банком с иностранным участием, форма собственности – частная.

4. Банк создан в форме акционерного общества.

5. Банк является юридическим лицом, выпускающим акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности. Банк может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

